

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ӘУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН

№ 384 БҰЙРЫҒЫ

2016 ж. 03 03

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЗЗОВСКОГО РАЙОНА
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

ПРИКАЗ № 384
03 03 2016 г.

Жалғыз акционердің
 2016 жылғы «09» ақпан шешімімен,
 “БЕКІТІЛДІ”
 (шешім №1)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ӘУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

2016 ж. 03 03 заңды
 тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді

№ 384 куәлік

Алғашқы тіркелген күні ж. « »

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЗЗОВСКОГО РАЙОНА
 произведена государственная регистрация

юридического лица 03 03 2016 г.

свидетельство № 384

Дата первичной регистрации « 02 04 2009 г.
 БСН/БИН 070440001528

«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
 ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы
 Алматы қ.

КЕЛЕСІ БЕТТІ
 ҚАРАҢЫЗ¹

1 БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Нархоз университеті» Акционерлік қоғамы Жалғыз акционердің шешімімен атауы өзгертілген «Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам, Университет) барлық құқықтары мен міндеттерінің, ұйымдастырушылық-құқықтық формаларының мұрагері болып табылады.

1.2. Университет білім мекемесі болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру қызметін көрсету үшін құрылған жоғары оқу орны.

1.3. Қоғамның осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2 БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАЛУЫ, ОНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ (БАСҚАРМАСЫНЫҢ) ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, АКЦИЯЛАРЫНЫҢ САНЫ МЕН ОЛАРДЫҢ АТАУЛЫ ҚҰНЫ

2.1. Қоғамның толық аталуы:

- мемлекеттік тілде: «Нархоз Университеті» Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «Университет Нархоз»;
- ағылшын тілінде: Joint-stock company «Narhoz University»

2.2. Қоғамның атқарушы органы (Басқармасы) орналасқан жер: Қазақстан Республикасы, 050035, Алматы қ., Әуэзов ауданы, Жандосов к., 55.

2.3. Университет қызметінің мерзіміне шек келтірілмейді.

2.4. Қоғамның Жарғылық капиталы атаулы құны 1,000 (бір) мың теңге 00 тиынды құрайтын 317,205 (үш жүз он жеті мың екі жүз бес) жай акцияларға бөлінген.

3 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, уәкілетті органның лицензиясы, осы Жарғы және Университеттің ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырады.

3.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

3.3. Қоғам, Қазақстан Республикасының заң актілерінде ескерілген тәртіпте, өзі орналасқан жерден тыс жерге орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және филиалдар туралы Ереженің негізінде Қоғамның атынан, сондай-ақ оның тапсырмасымен іс-қимыл жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3.4. Қоғам өзінің қызметінде ҚР-ң Ата заңын (Конституциясын), ҚР-ң Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

3.5. Қоғам мемлекеттің және Университет акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды. Мемлекет Университеттің және оның акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды. Университет өз мүлкінің шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

3.6. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие, оның дербес балансы, банктерде шоттары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі фирмалық аталуы көрсетілген, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіпте тіркелген мөрі, сондай-ақ өзінің товарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі), сонымен қатар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және т.т. бар; өзінің атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды және міндеттерді иеленеді және жүзеге асырады; соттарда талапкер және жауапкер болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

3.7. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

4 БАП. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НЫСАНДАРЫ

4.1. Университет қызметінің нысандары болып табылатындар:

- 1) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының классификаторы мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша мамандарды дайындау;
- 2) фундаменталды, қолданбалы және басқа да ғылыми зерттеу түрлерін жүргізу;
- 3) түрлі сала кадрлары - мамандардың, басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- 4) оқытудың күндізгі, кешкі, дистанциялық нысандары бойынша MBA, EMBA және DBA және докторантура бағдарламалары арқылы мамандар және басшылар дайындау;
- 5) білім және ғылым саласындағы заңды және жеке тұлғаларға ақылы білім беру, Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбайтын ғылыми-зерттеу, консультациялық және консалтингтік, ақпараттық, маркетингтік және басқа да қызмет түрлерін көрсету;
- 6) оқулықтар және қосымша әдебиеттер, ғылыми-әдістемелік және анықтамалық материалдар дайындау және оларды басып, шығару;
- 7) баспалық және полиграфиялық қызмет;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген халықаралық ынтымақтастықты жарғылық мақсаттарға және міндеттерге сәйкес жүзеге асыру;
- 9) шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындарымен және ұйымдарымен бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсету;
- 10) оқып, білім алушылардың және Қоғамның профессорлық құрамының, сондай-ақ қызметкерлері мен серіктестерінің академиялық мобильділігін жүзеге асыру;
- 11) туризмді және азаматтардың демалысын ұйымдастыру;
- 12) сауда-сатып алу және коммерциялық қызмет;
- 13) қонақ үй кешендері, демалыс аймақтары, қоғамдық тамақтандыру орындары, дүкендер, химиялық тазарту орындары, автотұрақтар, автомобильдерге жанар-жағар май құю станциялары және басқа әлеуметтік, сондай-ақ тұрмыстық сала объектілерін пайдалану;

4.2. Университет, осы Жарғының 4.1. тармағында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген басқа да қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асыруға құқылы.

4.3. Тізбесі, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларымен белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен Университет арнайы рұқсат қағазы (лицензия) негізінде ғана айналыса алады.

4.4. Университеттің басты міндеті – нарықта сұранысқа ие болатын жоғары кәсіби мамандарды дайындау, біліктілікті арттыру, Университеттің ғылым, стратегия және дәстүрлеріндегі мақсаттарға жету арқылы тұлғаның маман ретінде қалыптасуына ықпалын тигізу.

4.5. Университеттің басымды міндеттеріне төмендегілер жатады:

- 1) сапалы білім беру қызметін көрсету;
- 2) білім беру бағдарламаларын игеруге және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын өткізуге қажет жағдай жасау;

- 3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, берік әдептілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке адамның дамуына жағдай жасау жолымен оның ой-өрісін байыту;
- 4) азаматтылық және патриотизм, мемлекеттік рәміздерді сыйлау, халықтың әдет-ғұрпын құрметтеу, конституцияға және қоғамға қарсы кез-келген қылықтарға төзбеушілік рухында тәрбиелеу;
- 5) Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысумен білдірілетін белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру;
- 6) әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне қатыстыру, қазақ, орыс және Қазақстан Республикасында тұратын басқа халықтың тарихын, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын зерделеу, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгеру;
- 7) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;
- 8) білім беруді ұйымдастыру жөніндегі автономиялықты, дербестікті, кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократизациялауға және өзін-өзі басқаруға көшу;
- 9) білім алушылардың мемлекеттік, орыс және шет тілдерін жетік меңгеруін қамтамасыз ету;
- 10) мамандықтар ауқымын кеңейту;
- 11) білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық.

4.6. Университет жүктелген міндеттерге сәйкес өзінің төмендегі функцияларын орындайды:

- 1) Жарғы, ішкі тәртіп ережелерінің үлгісін әзірлеу;
- 2) ішкі құжаттарды, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, оқу үрдісінің күнтізбелік кестелерін, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу және бекіту;
- 3) ғылыми жобаларды жүзеге асыру;
- 4) студенттердің құрамын, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес қалыптастыру;
- 5) білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру;
- 6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкілетті орғанына доцент пен профессор ғылыми атақтарын беру туралы өтініш жіберу;
- 7) студенттердің үлгеріміне, аралық және қорытынды аттестациясына ағымдағы бақылауды жүргізіп отыру;
- 8) студенттер жатақханаларын ұстаудың және оларда студенттердің тұруының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жағдайларының заңнама талаптарынан төмен емес деңгейде болуын қамтамасыз ету;
- 10) материалдық-техникалық базаны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз ету;
- 11) білім алушылардың бөлек категорияларына университеттің ішкі құжаттарымен көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық көмек көрсету;
- 12) Қоғамдық тамақтандыру, медицина бөлімшелерінің қызметі үшін қажетті жағдай жасау, олардың жұмысын басқару;
- 13) Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметі бойынша мүдделі тұлғаларға есеп беру;
- 14) Университеттің жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті қосымша қаржылық және материалдық қаражат тарту.

4.7. Университетке оқуға қабылдау тәртібі мен Университет пен білім алушылардың ара-қатынасын реттеу.

- 1) Қоғамда оқып, білім алуға Қазақстан Республикасының орта (жалпы, техникалық және кәсіптік), жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар азаматтары қабылданады. Шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттармен белгіленген тәртіпте қабылданады;
- 2) Білім алушылар контингентін қалыптастыру екі жолмен жүзеге асырылады:
 - а) кадрларды дайындауға мемлекеттік тапсырыс жасау арқылы (білім гранттары);
 - б) азаматтардың өз есебінен және басқа да қаржыландыру көздерінен оқу ақысын төлеу арқылы (келісімшарт негізінде).
- 3) Университет білім беру үрдісін ұйымдастыруды реттейтін құжаттармен студенттерді таныстыруға, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияның бар екендігі туралы хабардар етуге міндетті;
- 4) Университетке түсушілердің құжаттарын қабылдау, емтихандарды өткізу мен білім алушылар қатарына қабылдауды ұйымдастыру үшін Қабылдау комиссиясы құрылады, оның негізгі міндеті барлық оқу формалары бойынша білім алушылар контингентін құру болып табылады;
- 5) құжаттарын қабылдау мен білім алушылар қатарына қабылдауды ұйымдастыру кезінде Университет азаматтардың білім алуға конституциялық құқығының сақталуын, Қабылдау комиссиясының ашық жұмысын, оқуға түсушілердің мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауды қамтамасыз етеді;
- 6) Университеттің құқықты және міндеттері, бір тараптан және оқып білім алушылардың, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдері келесі тараптан, олардың арасында жасалаған шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

4.8. Оқу үрдісін ұйымдастыру.

Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, біліктілігі жоғары мамандар дайындау білім беру үрдісінің мақсаты болып табылады.

- 1) Оқыту төмендегі сатылар бойынша жүзеге асырылады:
 - орта білім (техникалық және кәсіби білім);
 - орта білімнен кейінгі білім;
 - Университетке оқуға түсуге қажет дайындау білімі;
 - жоғары білім: бакалавриат;
 - жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім (магистратура, докторантура PhD, MBA, DBA);
 - қосымша білім;
 - біліктілікті арттыру.
- 2) Университеттің тәрбиелік қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі МЖМББС) негізінде әзірленген жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сай жүргізіледі.
- 3) Оқу формалары: күндізгі, кешкі, сырттай оқу, дистанциялық және экстернат. Университетте түрлі оқу формаларын үйлестіріп білім алуға рұқсат беріледі. Университетте оқу мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде жүргізіледі (студенттің таңдауы бойынша).
- 4) Білім деңгейлері бойынша оқу жылының ұзақтығы МЖМББС -мен реттеледі.
- 5) Оқып білім алушылардың оқудағы жетістіктері әріптік жүйенің халықаралық практикасына сәйкес 4 баллдық жүйе бойынша сандық баламаға сәйкес 100 баллдық шкала бойынша бағаланады.

- 6) Білім беру бағдарламаларын игеру бітірушілердің міндетті түрдегі қорытындылаушы мемлекеттік аттестациясымен аяқталады. Аралық аттестацияның мерзімділігі және ұзақтығы МЖМББС мен академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.
- 7) Берілетін білімнің мазмұны, оқу үрдісін ұйымдастыру мен өткізудің әдістері Университетпен өз бетінше білім берудің кредиттік технологиясы негізінде жүзеге асырылады.
- 8) Университет түлектерді дайындаудың міндетті түрдегі құрамдас бөлігі болып табылатын іргелі (фундаменталдық), іздестіру және қолданбалы ғылыми, сонымен қатар әдіснамалық зерттеулерді жүзеге асырады.
- 9) Мамандарды дайындаудың бір бөлігі болып білім алушылардың практикалық дағдыларын нығайтуға бағытталған серіктес-ұйымдарда кәсіби практиканы ұйымдастыру болып табылады.

4.9. Оқушылардың аралық және қортынды аттестациясы, оны өткізу формасы мен тәртібі, мемлекет ішінде және академиялық мобильділік арқылы шет елде оқуы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін МЖМББС-мен, білім саласындағы қолданыстағы нормативті құжаттармен реттеледі.

4.10. Білім алушылардың басқа мамандыққа немесе оқу тіліне ауысуы немесе басқа оқу орнына ауысуы, Университеттен оқудан шығарылуы немесе қайта студенттер қатарына қабылдануы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы нормативтік құжаттармен және университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

4.11. Ақылы көрсетілетін қызметтер тізбесі мен оларды көрсету тәртібі.

Университет келесідей бағыттар бойынша жеке және заңды тұлғалармен келісімшарт негізінде ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша мамандарды дайындау;
- 2) пәндер бойынша арнайы курстар ұйымдастыру мен өткізу, қалыпты бағдарлама мен мемлекеттік білім беру стандартының ауқымынан шығатын, пәнді тереңдетіп оқытатын семинар-тренинг сабақтарын өткізу;
- 3) дайындық курстары, тілді оқыту мен басқа да курстарда оқу;
- 4) басқа қосымша оқу бағдарламалары бойынша, соның ішінде қайта даярлау мен мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламалары бойынша оқу;
- 5) азаматтардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары бойынша;
- 6) жаз демалысын ұйымдастыру бойынша;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа ақылы қосымша қызметтер.

5 БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУШЫ ОРҒАНЫ

5.1. Қоғамның басқару органдары болып төмендегілер саналады:

- жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- басқарушы орган – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма;
- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес басқа органдар.

6 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

6.1. Қоғамның жалғыз акционері төмендегідей құқықтарға ие:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің Жарғысында ескерілген тәртіпте Университетті басқаруға қатысу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің Жарғысында ескерілген тәртіпте және жағдайларда дивидендтер алып отыру;

- 3) Университеттің Жарғысында ескерілген тәртіпте Университеттің қызметі туралы ақпарат алып отыру, соның ішінде Университеттің қаржылық есеп-қисабымен танысып отыру;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушысынан, оның бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді-кошірме алып отыру;
- 5) Университеттің Директорлар кеңесіне кандидатураны сайлауға (бекітуге);
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот арқылы даулау;
- 7) Университетке оның қызметі туралы жазбаша сұрату жасау және Университетке сұрату түскен датадан бастап отыз күн ішінде Университет Жарғысында белгіленген тәртіпте, оларға дәлелді жауаптар алып отыру;
- 8) Университет тараған кезде мүліктің бір бөлігін иелену;
- 9) Университеттің, оның акцияларының еркін айналыстағы акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, басымдылықпен сатып алу;
- 10) Директорлар Кеңесі күн тәртібіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;
- 11) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- 12) Аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өз қаржысы есебінен жүргізуін талап ету.

6.2. Жалғыз акционер жыл сайын қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жататын келесідей мәселелер бойынша шешім қабылдауы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;
- 2) Қоғамның өткен қаржылық жылдан түскен таза табысын үлестіру тәртібін анықтап, Университеттің бір жай акциясы үшін дивиденттер көлемін анықтауы тиіс.

6.2.1. Қоғам қызметінің есепті кезеңдегі аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға ұзартылған болып саналады.

Жалғыз акционер шешімді қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша басқа мәселелерді қарастыруға құқылы.

6.2.2. Жалғыз акционердің шешім қабылдауы үшін сұрақтарды әзірлеу Басқармамен, Қоғамның Директорлар кеңесімен жасалады.

6.2.3. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысының құзыретіне жататын мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсыну Директорлар кеңесімен жасалады.

6.2.4. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын басқа мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсыну Директорлар кеңесімен, Жалғыз акционермен, Басқармамен жасалады, ал ерікті түрде таратылу жағдайында – Қоғамның ликвидациялық комиссиясымен жасалуы мүмкін. Заңнамамен Жалғыз акционердің қарауына сұрақтарды міндетті түрде ұсыну жағдайлары көзделуі мүмкін.

6.2.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жататын және Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын материалдар келесіні қамтуы қажет:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі;
- 2) Жылдық қаржылық есепке қосымша аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржылық жыл бойынша тапқан таза табысын үлестіру және Қоғамның бір жай акциясы үшін жылдық дивидент көлемі бойынша ұсыныстарын;
- 4) Жалғыз акционердің қарауы бойынша басқа да құжаттар.

6.3. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататындар:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

- 2) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін бекіту, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамның ерікті қайта құрылуы мен таратылуы;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялардың санын көбейту туралы немесе Қоғамның жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның құнды қағаздарының конвертациясының шарттары мен тәртібін анықтау;
- 6) Есеп комиссиясының құрамы мен құзырет мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау мен қызметін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;
- 7) Директорлар Кеңесінің құрамын, қызмет ету мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау мен қызметін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау, сонымен қатар Директорлар Кеңесі мүшелеріне тиесілі төлемақы көлемін анықтау;
- 8) Қоғамда аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау,
- 9) жылдық қаржылық есепті, Қоғамның ішкі аудит қызметінің немесе аудит өткізетін ұйымның есебін бекіту;
- 10) өткен қаржылық жыл бойынша тапқан таза табысын үйлестіру және Қоғамның бір жай акциясы үшін жылдық дивидент көлемін бекіту;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда Қоғам акциялары бойынша дивиденттерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Университетке тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдауы;
- 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғаммен сатып алынған жағдайда акциялар құнын анықтау әдістемесіне (егер құрылтайшы жиналыспен бекітілмеген жағдайда әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту;
- 15) Университеттің лауазымдық тұлғасының кесірінен Университет зиян шеккен жағдайда Қоғамның сотқа жүгінуі туралы шешім қабылдау;
- 16) Шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын басқа да мәселелер.

6.4. Егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделмеген болса, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қарастыруды басқа органдардың, лауазымдық тұлғалардың және Университет қызметкерлерінің құзыретін тапсыруға рұқсат берілмейді.

6.5. Жалғыз акционер Университеттің ішкі қызметіне байланысты басқа органдардың кез келген шешімін өзгертуге құқылы.

7 БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

7.1. Директорлар Кеңесі дегеніміз Қоғамның заңмен және Қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырушы органы.

7.2. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер:

- 1) Қоғам қызметінің басымды бағыттарын анықтау және Қоғамды дамытудың стратегиялық құжаттарын бекіту;
- 2) Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жылдың дивидендінің мөлшері туралы ұсыныс дайындау;
- 3) орналастыру (іске асыру) туралы, соның ішінде жария етілген акциялар санының шегінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (іске асыру) әдісі туралы шешім қабылдау;

- 4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларын (сонымен қатар халықаралық), туынды бағалы қағаздарын, Қоғамның еркін айналыстағы бағалы қағаздарын және басқа шетелдік мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, мемлекеттік емес, эмиссиялық бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарын ескере отырып басып шығару шарттарын белгілеу;
- 7) Жалғыз акционердің шешімдерінің орындалуын бақылау;
- 8) Басқарманың сандық құрамын, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарманың Төрағасын және оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) лауазымдық жалақылар мөлшерін, Басқарма Төрағасының және оның мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сондай-ақ сыйақы беру шарттарын белгілеу;
- 10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларының құнын төлеуге өткізіп берілген мүліктің немесе ірі мәміле жасау барысында келген заттың нарықтық құнын бағалау жөніндегі нарықшының қызметіне төленетін ақының мөлшерін белгілеу;
- 11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, қызмет өкілеттігінің мерзімін белгілеу, оның бастығын және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мөлшерін, сондай-ақ шарттарын белгілеу;
- 12) Корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметіне ақы төлеу және оған сыйақы беру шарттарын белгілеу;
- 13) Қоғам қызметіне жалпы басшылықты реттейтін, солардың ішінде Басқарма туралы Ереже, Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы сияқты құжаттарды (*Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқасы*), Қоғамды дамытудың стратегиялық мақсаттарын және міндеттерін белгілейтін құжаттарды және осы тармақта белгіленген құзыреттерді жүзеге асыру кезінде бекітуді талап ететін басқа құжаттар, соның ішінде Қоғам аукциондарының шарттарын және оларды өткізу тәртібін, сонымен қатар Қоғамның бағалы қағаздарына жазылуды белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 14) Қоғамның, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сонымен қатар олар туралы Ережелерді бекіту;
- 15) Қоғамның, басқа заңды тұлғалардың он және одан көп пайыз акцияларын (Жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы, сондай-ақ олардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 16) Қоғамның, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан еншілес ұйымдарын құру, сатып алу және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ олардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) Қоғамның міндеттерін, оның өз капиталының мөлшерін он және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерде ұлғайту мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау;
- 18) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;

- 19) Қоғам туралы және оның қызметтік, коммерциялық болып табылатын қызметі немесе басқа, заңмен қорғалатын құпиясы туралы ақпаратты белгілеу;
- 20) ірі мәмілелер (шарттар) және оларды жасауға Қоғам қызығушылық танытып отырған жағдайда мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 21) Қоғамның кепілдік, қарыз, несие, кепілдіктер, кепілгерлік жасауы туралы шешім қабылдау;
- 22) Жалғыз акционер жиналысының күн тәртібін қалыптастыру;
- 23) Қоғамның бөлінбеген таза кірісін және басқа қорларын пайдалану тәртібін белгілеу;
- 24) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;
- 25) Қоғамның Жарғылық капиталының он пайызын құрайтын мөлшердегі сомаға негізгі қаржыны тізімнен шығару туралы шешім қабылдау;
- 26) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен ескерілген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

7.3. Тізбесі Жарғының 7.2 тармағымен белгіленген мәселелерді шешу үшін оларды Басқармаға өткізіп беруге болмайды.

7.4. Директорлар Кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

7.5. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар Кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда (Университетте) төмендегі мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) тағайындау және сыйақы төлеу;
- 3) аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында ескерілген басқа мәселелер.

7.6. Директорлар Кеңесі комитеттерінің құрамына нақты комитеттерде жұмыс істеуге қажет кәсіби білімдері бар Директорлар Кеңесінің мүшелері және сарапшылар кіреді.

7.7. Атқарушы органның басшысы Директорлар Кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

7.8. Директорлар Кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмысын ұйымдастыру тәртібі, олардың сандық құрамы сонымен қатар Қоғамның осындай комитеттерінің қызметін реттейтін және Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілетін ішкі құжаттарымен белгіленеді.

7.9. Жеке тұлға ғана Директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады.

7.10. Директорлар Кеңесінің мүшелері төмендегілердің ішінен сайланады:

- 1) акционер – жеке тұлғалардан;
- 2) Директорлар Кеңесіне акционерлердің мүдделерін қорғайтын өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардан;
- 3) басқа тұлғалардан (Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген шектеулерді ескере отырып).

7.11. Директорлар Кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері емес және Директорлар Кеңесіне сайлануға акционердің мүддесін қорғаушы өкіл ретінде ұсынылмаған жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар Кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс. Басқарманың Төрағасынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

7.12. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адамды құрайды. Қоғамның

Директорлар Кеңесі мүшелері санының кем дегенде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

7.13. Жалғыз акционермен Директорлар Кеңесінің құрамына сайланғандар, басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілмеген жағдайда шексіз түрде қайта сайлана алады.

7.14. Директорлар Кеңесі мүшелері өкілеттігінің мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

7.15. Жалғыз акционер Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамашылығымен мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесінің жазбаша түрдегі хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

7.16. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан, ашық дауыс беру жолымен, Директорлар Кеңесі мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады. Директорлар Кеңесі кез-келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы

7.17. Директорлар Кеңесінің төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады. Директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар Кеңесінің шешімімен Директорлар Кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

7.18. Қоғамның Директорлар Кеңесінің мәжілісін Директорлар Кеңесінің Төрағасы өзінің немесе Басқарманың немесе Директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің, Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның, ірі акционердің, Қоғамның ішкі аудит (бақылау) қызметінің бастамашылығымен шақырады. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру және өткізу тәртібі акционерлердің Жалғыз акционердің шешімімен бекітілген Директорлар Кеңесі туралы Ережемен белгіленеді.

7.19. Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімі күндізгі, сырттай немесе аралас дайыс беру жолымен қабылданады.

7.20. Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарлама мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса отырып, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, мәжіліс өтетін датадан кем дегенде бір күн бұрын жіберілуі тиіс.

7.21. Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворум дегеніміз мәжіліске, Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелері санының кем дегенде жартысы қатысуы тиіс.

7.22. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар Кеңесінің шешімі мәжіліске қатысушы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің мәжілісінде төрағалық етушінің дауысы шешуші дауыс болып табылады.

7.23. Директорлар кеңесі тек кеңестің мүшелері қатыса алатын өзінің ішкі жиналысын өткізу туралы шешім қабылдай алады.

7.24. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда сырттай дауыс беру туралы шешімі қабылданған болып табылады. Директорлар Кеңесі мәжілісінің сырттай дауыс беру туралы шешім жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар Кеңесінің хатшысы және төрағасы қол қоюы керек Шешім ресімделген датадан бастап жиырма күн ішінде шешім, оны қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса беріле отырып Директорлар Кеңесі мүшелеріне жіберілуі тиіс.

7.25. Директорлар Кеңесінің күндіз жүргізу жолымен өткізілген мәжілісінде қабылданған шешім, мәжіліс өткен датадан кейінгі үш күн ішінде мәжіліске төрағалық жасаған адамның және Директорлар Кеңесі хатшысының қолдары қойыла отырып жасалған хаттамамен ресімделеді. Хаттамада міндетті түрде көрсетілуі тиіс Тізбе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

7.26. Директорлар Кеңесі мәжілісінің хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

7.27. Директорлар Кеңесі хатшысының функцияларын, Директорлар Кеңесінің, оның мүшесінің талап етуімен оған Директорлар Кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімді, танысуы үшін беруге және (немесе) хаттаманың және шешімнің Директорлар Кеңесінің Корпоративтік хатшысы өзінің қолтаңбасымен растаған көшірмелерін беруге міндетті.

7.28. Корпоративтік хатшыны тағайындау, босату тәртібі, сондай-ақ оның міндеттері, функциялары, құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген Корпоративтік хатшы туралы Ережесіне сәйкес реттеледі.

8 БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

8.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалық атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады.

8.2. Басқарма Қоғамның, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және Қоғамның басқадай ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез-келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

8.3. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

8.4. Басқарманы, құрамы кем дегенде 3 (үш) адамнан тұратын Директорлар Кеңесі сайлайды. Төрағаның және Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімін Директорлар Кеңесі белгілейді.

8.5. Қоғамның акционерлері және Қоғамның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқармаға мүше бола алады.

8.6. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғам Басқармасы туралы Ережемен белгіленеді.

8.7. Университет атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын Еңбек шартына Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар Кеңесі өкілеттілік берген тұлға қол қояды. Басқарма мүшелерімен жасалған Еңбек шартына Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды.

8.8. Қоғам және Басқарма мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа еңбек туралы заң Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарының ережелерінде реттелмеген бөлігіне қолданылады.

8.9. Қоғам Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында лауазымды иемденуіне Қоғамның Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жол беріледі.

8.10. Басқарманың құзыретіне осы Жарғымен және Қоғам Жалғыз акционері және Директорлар кеңесі қабылдаған ішкі құжаттармен белгіленген төмендегі Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ету мәселелері жатады:

- 1) Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасау, акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 2) қарымды инвесторлар іздеу және олармен Қоғамның Жарғылық капиталын қалыптастыру мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізу;
- 3) Қоғамның бағалы қағаздарын басып шығару проспектісін (Басып шығару шарттары) бекіту;
- 4) Қоғамның, еншілес ұйымдарын қоспағандағы филиалдарымен/өкілдіктерімен және басқа құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс саясатын (рентабельділік, еңбекке ақы төлеу қоры, кіріс және шығыс сметасы және т.т.) әзірлеу және бекіту;
- 5) Интернет (www.neu.kz) жүйесіндегі Қоғамның WEB-сайтында белгіленген қаржылық есеп-қисапты, Жарғылық капиталдың өзгергені туралы деректерді, Қоғамның акцияларды сатып алу туралы ұсыныстарын, ірі мәмілелердің

жасалғаны, акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілуі туралы деректерді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері талаптарына сәйкес деректерді жариялау;

- 6) Қоғамның Директорлар Кеңесі белгілеген тәртіпте Қоғамның Резервтік капиталына және басқа қорларына билік ету;
- 7) Қоғам жүргізетін операциялардың барлық түріне бақылауды жүзеге асыру;
- 8) бухгалтерлік есепті және бақылауды жүзеге асырудың негізгі бағыттарын әзірлеу;
- 9) қаржылық есеп-қисапты дайындау;
- 10) филиалдардың/өкілдіктердің директорларын және бас бухгалтерлерін қызметке тағайындау және босату, филиал директорлары орынбасарларының кандидатураларын келісу;
- 11) мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдармен және бірлестіктермен өзара іскер байланыс мәселелерін шешу;
- 12) Қоғамның жарғылық капиталының он пайызға дейінгі мөлшерін құрайтын көлемде Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау;
- 13) Қоғамның жарғылық капиталының он пайызға дейінгі мөлшерін құрайтын сомаға негізгі қаражатты тізімнен шығару жөнінде шешімдер қабылдау;
- 14) ірі мәмілелердің шарттарын, жасалуына мүдделілік бар және/немесе Университетпен ерекше қарым-қатынас арқылы байланысы бар тұлғамен жасалатын мәмілелерді алдын-ала қарау;
- 15) Университеттің, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес көрсететін білім беру қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі жеңілдіктер беру мәселелері жөнінде шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген басқа мәселелер.

8.11. Басқарма мәжілісі қажетіне қарай, Басқарма Төрағасының төрағалық етуімен өткізіледі, ал ол болмаған жағдайда Басқарманың шешімі бойынша Басқарма мүшелерінің біреуі оның функциясын жүзеге асырады.

8.12. Басқарма мүшелерінің кем дегенде жартысы мәжіліске қатысқан жағдайда Басқарма шешім қабылдауға құқылы. Басқарманың шешімдері Басқарманың мәжіліске қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің дауыстары теңдей болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

8.13. Басқарма Төрағасы:

- 1) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз Басқарма атынан іс-әрекетке барады, өз өкілеттігі шегінде әмілелердің барлық түрлерін жүргізеді, келісім-шарттар жасасады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның мүддесін қорғау құқығына сенімхат береді;
- 3) Қазақстан Республикасының заң актілерімен, Қоғамның Жарғысымен және Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен Қоғамның, Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылғандардан басқа ішкі құжаттарын (қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерін, штат кестесін және т.т.) белгілейді және бекітеді
- 4) Қоғамның қызметкерлерін тағайындауға (қабылдауға), ауыстыруға және босатуға, оларға ынталандыру шараларын қабылдауға және тәртіптік жаза қолдануға байланысты тиісті шешімдер қабылдайды және бұйрықтар шығарады, олардың лауазымдық жалақыларының және жалақыға дербес үстемеақыларының мөлшерін Қоғамның штат кестесіне сәйкес белгілейді, Қоғам қызметкерлері (Басқарма

мүшелерін, проректорларды және Қоғамның ішкі аудит Қызметін қоспағанда) сыйақыларының мөлшерін белгілейді.

- 5) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы міндетті, оның ағымдағы қызметін, сонымен қатар акционерлердің Қоғамның Жалғыз акционері және Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау мәселелеріне қатысты бұйрықтар және өкімдер шығарады;
- 6) Қоғамның қызметкерлерін кәсіптік дайындау және қайта дайындау туралы мәселелерді шешеді;
- 7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөледі;
- 8) өзіне акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі өткізіп берген, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес жоғарыда аталған органдардың айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа мәселелерді жүзеге асырады;
- 9) өзі болмаған жағдайда міндеттерінің орындалуын Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді.

8.14. Басқарма Төрағасы болмаған жағдайда (ауырған, ұзақ іссапарда, демалыста болған) оның міндеттерін Директорлар Кеңесінің шешімімен Басқарманың өкілеттілік берілген мүшесі атқарады.

8.15. Басқарма мүшелері сенімхатсыз, өздеріне Басқарма Төрағасы берген құзыреттер шегінде іс-әрекеттерге барады, Қоғамның өздері жетекшілік ететін бөлімшелерінің қызметіне бақылауды жүзеге асырады және Қоғамның жалғыз акционерінің, Директорлар Кеңесі, Басқармасы шешімдерінің, сондай-ақ Басқарма Төрағасы бұйрықтарының, өкімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

9 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ҚОСЫМША ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

9.1. Қосымша тұлғалардың өздері беріп отыратын деректердің негізінде Қоғам оларды есепке алуды жүзеге асырады.

9.2. Қоғамның жалғыз акционері және лауазымдық тұлғалары өздерінің қосымша тұлғалары туралы төмендегі көлемде ақпарат тапсырып отырады:

Жеке тұлғалар туралы					
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке тұлғаның тұратын жері туралы мәлімет	Туылған күні	Үлестестікті мойындауға негіздеме	Үлестестіктің пайда болған күні	Ескерту
Заңды тұлғалар туралы					
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, пошта адресі және нақты орналасқан жері	Үлестестікті мойындауға негіздеме	Үлестестіктің пайда болған күні	Ескерту	

9.3. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы деректер қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа құпия болып табылатын ақпарат болып саналмайды. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға үлестестік пайда

болған датадан бастап жеті күн мерзімде өздерінің үлестес тұлғалары туралы деректер тапсыруға міндетті.

9.4. Қоғам, уәкілетті органға аталмыш орган белгілеген тәртіпте үлестес тұлғаларының тізімін тапсыруға міндетті.

10 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

10.1. Қоғамды ерікті түрде қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлек шығару, қайта құру) Жалғыз акционердің шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.

10.2. Мәжбүрлі түрде қайта құру соттың шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

10.3. Қоғам төмендегі жағдайларда таратылуы мүмкін:

- 1) Жалғыз акционердің шешімі бойынша (ерікті түрдегі тарату);
- 2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде ескерілген жағдайларда соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі түрде тарату).

10.4. Қоғам қызметінің тоқтатылуы, соның ішінде банкроттық негізінде тоқтатылуы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10.5. Қоғамды тарату процедурсы және кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

11 БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Жалғыз акционер мен Қоғамның арасындағы өзара іскер қарым-қатынастың бәрі осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

11.2. Жалғыз акционер, Директорлар Кеңесінің және Басқарма мүшелерінің арасындағы, Қоғамның қызметіне қатысты келіспеушіліктер Жалғыз акционердің шешімімен реттеледі.

11.3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді. Қоғамның Жарғысына өзгертулер және толықтырулар, Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілік дауысымен қабылданған, Жалғыз акционердің шешімі бойынша енгізіледі және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте тіркеуден өткен датадан бастап күшіне енеді.

11.4. Осы Жарғы ережелерінің кез-келгені өзінің күшін жойған жағдайда, Жарғы Ережелерінің қалғандарына әсер етпейді.

11.5. Қоғамның осы Жарғысында ескерілмеген жағдайлардың бәрінде Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін басшылыққа алады.

11.6. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 дана етін жасалды. Осы Жарғының әрбір данасы бірдей заң күшіне ие.

«Нархоз Университеті» АҚын
Басқарма Төрағасы – Ректор

Комитет Ресурсов
[Signature]

КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

Екі мың он алтыншы жылдың он сегізінші ақпаны.

Мен, Стамбаев Қуанбек Мухамедиевич, Алматы қаласының
нотариусы, 05.06.2000 жылы берілген №0000757 мемлекеттік
лицензия негізінде, «НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» Акционерлік
Қоғамының Басқарма төрағасы - Ректоры Рыбиньски Кшиштоф
Иренеуштің менің көзімше қойылған қолының түпнұсқалығын
қуәландырдым.

Өкілдің жеке басы анықталды, оның уәкілеттігі, әрекет
қабілеттілігі және заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі
тексерілді.

№173 реестрде тіркелді.

Өндірілгені 2333 тенге

Нотариус



[Handwritten signature]

ҚАРАНЫЗ
КЕЛЕСІ БЕРТІ

4. СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
“УТВЕРЖДЕН”

решением Единственного акционера

от «09» февраля 2016 года, (решение №2)

**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«УНИВЕРСИТЕТ НАРХОЗ»**

**Республика Казахстан
г. Алматы**

**СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ**

1. СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Акционерное общество «Университет Нархоз» является правопреемником всех прав и обязательств, организационно-правовых форм, в которых существовало переименованное решением Единственного акционера акционерное общество «Новый экономический университет имени Турара Рыскулова» (далее – Общество, Университет).

1.2. Университет является организацией образования, высшим учебным заведением, созданным для оказания образовательных услуг, соответствующих законодательству Республики Казахстан.

1.3. Настоящий Устав Общества разработан в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан “Об акционерных обществах”, Законом Республики Казахстан “Об образовании” и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

2. СТАТЬЯ 2. НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ОРГАНА (ПРАВЛЕНИЯ), СРОК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА, КОЛИЧЕСТВО АКЦИЙ И ИХ НОМИНАЛЬНАЯ СТОИМОСТЬ

2.1. Полное наименование Общества:

- на государственном языке: «Нархоз Университеті» акционерлік қоғамы;
- на русском языке: Акционерное общество «Университет Нархоз»;
- на английском языке: Joint-stock company «Narhoz University»

2.2. Место нахождения исполнительного органа (Правления) Общества: Республика Казахстан, 050035, город Алматы, Ауэзовский район, ул. Жандосова, 55.

2.3. Срок деятельности Общества не ограничен.

2.4. Уставный капитал Общества разделен на 317,205 (триста семнадцать тысяч двести пять) простых акций номинальной стоимостью 1,000 (одна) тысяча тенге 00 тиын.

3. СТАТЬЯ 3. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

